



**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

**№ 014 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ**

**2003 жылғы 18 маусым**

**Қаржы рыногындағы ағымдағы жағдай  
туралы**

**1. Инфляция.** Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің ресми деректері бойынша инфляция 2003 жылғы мамырда 0,1%, бұл өткен жылдың осындай айындағы деңгейден айтарлықтай төмен (0,9%). Азық-түлік тауарлары 0,1%-ке, халыққа ақылы қызмет көрсету – 0,2%-ке қымбаттағанда, азық-түлікке жатпайтын тауарлар - 0,1%-ке арзандады.

Мамырда азық-түлік тауарлары құрылымында жармаларға баға – 4,5%, көкөніс пен жемістерге – 2,5%-ке көтерілді, жұмыртқаға – 3,6%-ке, сүт тағамдарына – 2,1%-ке, май мен қантқа – 0,7% арзандағаны байқалды. Басқа тамақ өнімдеріне баға шамалы ғана өзгерді.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың арзандауына жанармайдың –6,0%-ке (жыл басынан бері – 12,9%), фото-аудиовизуалдық аппараттарға – 0,1 %-ке бағаның арзандауына байланысты болды. Аяқ киім – 0,9%-ке, киім – 0,5%-ке қымбаттады.

Ақылы қызмет көрсету тарифтары медициналық қызмет көрсетудің – 0,7%-ке қымбаттауына байланысты өсті, көлік қызметтері – 0,5%-ке, мәдениет мекемелерінің қызмет көрсетулері – 0,3%-ке және білім беру –0,1%-ке өсті. Мамыр айында тұрғын-үй-коммуналдық қызмет көрсету құны 2003 жылғы сәуірмен салыстырғанда өзгерген жоқ.

2003 жылдың басынан бастап инфляцияның деңгейі 2,2%-ті құрады (2002 жылғы қаңтар-мамырда –2,6%), сонымен бірге азық-түлік тауарларына баға 2,9%-ке, азық-түлікке жатпайтын тауарларға – 1,1%-ке, халыққа ақылы қызмет көрсету – 1,8%-ке өсті.

2003 жылғы мамырда инфляция жылдық көрсетуде 6,1% болды (2003 жылғы сәуірде – 7,0%).

**2. Халықаралық резервтер және ақша агрегаттары.**

2003 жылғы мамырда Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері ағымдағы бағалармен 9,5%-ке өсіп, 4451,1 млн. долларға жетті (жыл басынан бері – 41,8%). Ұлттық Банктің ішкі валюта рыногынан валюта сатып алуы, сондай-ақ валютаның Қаржы министрлігінің шоттарына түсуі таза валюта қорларының 332,3 млн. долларға өсіп, 3828,4 млн. долларға дейін толығына ықпалын тигізді. Алтынмен активтер Ұлттық Банкте жүргізілген операциялар және оның әлемдік рыноктардағы бағасының 8,9 %-ке көбеюі нәтижесінде 52,4 млн. долларға өсіп, 622,7 млн. долларға жетті.

Елдің халықаралық резервтері, тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ақшасын қосқанда ( алдын ала деректер бойынша – 2271,9 млн. долл.), мамырда 7%-ке өсті және 6728,8 млн. долл. болды (жыл басынан бері өсу 33%)

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің өсуі ақша базасының 2%-ке көбеюіне себеп болды, ол 2003 жылғы мамыр айының соңында 218,8 млрд. теңгені құрады (жыл басынан бері өсу – 5,1%).

Маусымның бірінші жартысында таза халықаралық резервтер 7,5%-ке өсті және 17 маусымдағы жағдай бойынша 4783,7 млн. долларды құрады, ал елдің халықаралық резервтері – 5,0%-ке өсіп, 7063,8 млн. долларға жетті (алдын ала деректер бойынша 2274,3 млн. долл. құраған Ұлттық қордың ақшасын қоса алғанда).

2003 жылғы мамырда ақша массасы 4,5%-ке өсіп, 853,3 млрд. теңге ге жетті (жыл басынан бері өсу – 11,6%). Ақша массасы өсуінің негізгі факторы банк жүйесіндегі таза сыртқы активтердің (Ұлттық қордың активтерін қоспағанда) 8,1%-ке және оның экономиканың, Үкіметтен басқа, секторларына талаптарының –5,3%-ке өсуі болды.

Айналыстағы қолма-қол ақша (M0) мамыр айында 4,4%-ке өсіп, 174,3 млрд. теңгеге дейін жетті, ал ақша массасының құрылымында банк жүйесіндегі депозиттер – 4,5%-ке көбейіп, 679,1 млрд. теңгеге жетті. Айналыстағы қолма-қол ақша мен дезиденттер депозиттерінің өсу қарқынының іс жүзінде бірдей болуына ақша массасының құрылымында соңғының үлесінің 79,6% деңгейінде сақталуы себеп болды.

2003 жылғы мамырда ақша базасының көбеюімен салыстырғанда ақша массасының қарқынды өсуі ақша мультипликаторы мәнінің 3,81-ден 3,90-ға дейін өсуіне алып келді.

### **3. Қаржы рыногы.**

**Валюта рыногы.** 2003 жылғы мамырда теңгенің айырбас бағамы бір доллар үшін 150,41-151,85 теңге шегінде ауытқыды және бір ай ішінде теңге номиналдық көрсеткіште 0,8%-ке (2002 жылғы мамырда – 0,12%-ке құнсызданды) нығайды. Айдың соңында биржалық бағам бір доллар үшін 150,41 теңге болды.

Жыл басынан бері теңгенің АҚШ долларына номиналдық нығаюы 3,49% болды. (сәуірдің аяғында – 2,62%). Айдың аяғында ресми бағам бір долларға 150,80 теңге деңгейінде белгіленді.

Мамырда сәуірмен салыстырғанда (қосымша сауда-саттық мәмілелерін қоса алғанда) биржалық операциялар көлемі 1,1%-ке төмендегеніне қарамастан, тұтастай алғанда, 2002 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда шамамен 2 есеге өсіп, 393 млн. долларға жетті. Жыл басынан бері биржалық операциялар көлемі 2,1 млрд. долл. болды.

Биржадан тыс валюта рыногында сәуірдегі көрсеткішпен салыстырғанда операциялар көлемі 12,2%-ке өсті және 404,6 млн. долл. болды. 2002 жылғы мамырмен салыстырғанда операциялар көлемі 27,6%-ке көбейді. Жыл басынан бері банкаралық валюта рыногындағы операциялар көлемі 2,2 млрд. долл. жетті.

2003 жылғы сәуірдің аяғына есептелген айырбас бағамының нақты тиімді индексі (АБНТ)<sup>1</sup> 2002 жылғы желтоқсанға қарағанда 1,5%-ке төмен болды. ТМД елдерінің валюта топтарына қатынасы бойынша 2003 жылғы қаңтар-сәуірде теңге нақты көрсеткіште 3,6%-ке, ал қалған елдер валюталарының топтары бойынша – 0,5%-ке құнсызданды. 2003 жылғы қаңтар-мамырда теңгенің орташа алынған бағамының нақты құнсыздануы ресей рубліне қатынасы бойынша 3,7%-ті және еуроға – 3,3%-ті құрады.

Маусымда теңге 1,14%-ке нығайды және 2003 жылғы 17 маусымда оның биржалық бағамы бір долларға 148,70 теңгені құрады. Жыл басынан бері теңгенің АҚШ долларына номиналдық нығаюы 4,59% болды. Биржалық операциялардың көлемі (қосымша сауда-саттық мәмілелерін қоса алғанда) маусымнан басынан бері 386,7 млн. долларды құрады.

---

<sup>1</sup> Теңгенің айырбас бағамының нақты тиімді индексі республиканың ресми тауар айналысының 90%-ін қамтитын негізгі сауда әріптестері – 24 елдің валюталарына және бағаның өзгеруіне қатысты теңгенің айырбас бағамының өзгеруі. Есеп айырысу үшін базалық кезең ретінде 2000 жылдың желтоқсан айы алынды. Индекстің көбеюі/азайуы елдердің валюталарына қатысы бойынша ұлттық валютаның нақты қымбаттауын/ арзандауын білдіреді.

**Бағалы қағаздар рыногы.** 2003 жылғы мамырда Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің *мемлекеттік бағалы қағаздары* эмиссиясының көлемі 2003 жылғы сәуірмен салыстырғанда 3,1 есеге көбейіп, 3,0 млрд. теңгеге жетті, сонымен бірге олардың айналыстағы көлемі 2,9%-ке көбейіп, 107,2 млрд. теңгеге жетті. Мамырдың ішінде тек қана орта мерзімді 2 және 3 жылдық МЕОКАМ шығарылды, олар бойынша кірістілік 8,36%-тен (30.07.02ж) 7,11%-ке дейін және тиісінше 7,54%-тен (14.11.02ж) 7,12%-ке дейін төмендеді. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мемлекеттік бағалы қағаздарын өтеу, сыйақы төлемдерін қоса алғанда, 2003 жылғы мамырда 668,6 млн. теңге болды.

Ұлттық Банк ноттарының эмиссия көлемі мамырда сәуірмен салыстырғанда олар бойынша кірістіліктің 5,67%-тен 5,59%-ке төмендеуі кезінде 1,6 есеге көбейіп, 70,4 млрд. теңгеге жетті. Айналыстағы ноттардың көлемі 22,3%-ке өсіп, 140,5 млрд. теңге болды.

2003 жылдың өткен аймен мамыр айында салыстырғанда Ұлттық Банктің тікелей репо операциялары бойынша мәмілелерінің көлемі 24,0% азайып, 40,8 млрд. теңге болды, ал кері репо 3,85 млрд. теңге болды (сәуір айында бұл операциялар жүргізілмеді).

**Корпоративтік бағалы қағаздар рыногында** 2003 жылғы 1 маусымда акцияларының қолданылып жүрген эмиссиялары бар 3113 акционерлік қоғам тіркелді.

2003 жылдың мамыр айында жалпы номиналдық құны 6,6 млрд. теңге болатын акциялардың 8 эмиссиясы және жалпы номиналдық құны 5,1 млрд. теңге болатын мемлекеттік емес облигациялардың 2 эмиссиясы тіркелді. 1 маусымдағы жағдай бойынша жиынтық номиналдық құны 1214 млрд. теңге болатын акциялардың 3625 қолданылып жүрген эмиссиясы және жиынтық номиналдық құны 98,6 млрд. теңге болатын мемлекеттік емес облигациялардың 47 қолданылып жүрген эмиссиясы айналыста болды.

2003 жылдың май айында бағалы қағаздар рыногында 53 брокер-дилер, 20 тіркеуші, 10 кастодиан банк, 2 өзін-өзі реттейтін ұйым және 6 бағалы қағаздар портфелін басқаратын ұйым жұмыс істеді.

**Банкаралық ақша рыногы.** 2003 жылдың май айында банкаралық ақша рыногында банктердің шетел валютасымен өтімді қаражат орналастыру бойынша белсенділігінің артуы байқалды.

Сәуір айымен салыстырғанда мамыр айында банкаралық теңге депозиттерін орналастыру көлемі 1,3% төмендеді және 37,3 млрд. теңге болды. Бұл сәуір айымен салыстырғанда теңге депозиттерін орналастыру бойынша орташа алынған сыйақы ставкасының 3,33%-тен 4,22%-ке дейін көбею жағдайында болды.

Банкаралық валютамен қарыз алу рыногында операциялардың негізгі көлемі өткен кезеңдердегі сияқты АҚШ долларындағы депозиттер есебінен жүзеге асырылды. Доллар депозиттерінің орналастырылған көлемі сәуір айымен салыстырғанда мамыр айында 25,9 % көбейіп, 4,6 млрд. АҚШ долларын құрады.

Доллар депозиттері бойынша кірістілік деңгейі есепті кезеңде біршама төмендеді. Орташа алынған сыйақы ставкасы сәуір айымен салыстырғанда мамыр айында 1,43%-тен % 1,32%-ке төмендеді.

Валютаның басқа түрлерімен жасалған операциялардың көлемі біршама аз болды.

**Депозит рыногы.** Резиденттер депозиттерінің көлемі мамыр айында 4,5% ұлғайды және 679,1 млрд. теңге болды (4,5 млрд. АҚШ долларынан астам).

Шетел валютасындағы депозиттер көлемінің төмендей жағдайында теңге депозиттерінің өсуі негізгі оң кезең болды. Осылайша, мамыр айында ұлттық валютадағы депозиттер 10,6%-ке 329,9 млрд. теңгеге дейін ұлғайды, сол уақытта шетел валютасындағы депозиттер 0,6%-ке дейін төмендеп, 349,1 млрд. теңге болды (2,3 млрд. АҚШ долларынан астам). Нәтижесінде теңгедегі депозиттерінің үлес салмағы 45,9%-тен 48,6%-ке дейін ұлғайды. Теңгенің АҚШ долларына қатысы бойынша нығаюы жағдайында

осы өзгеріс кәсіпорындар мен халықтың теңге құралдарына артықшылық беруі себеп болды.

Заңды тұлғалардың депозиттер көлемі мамыр айында 6,0% ұлғайып, 399,2 млрд. теңге болды.

Халықтың (резидент еместерді қоса алғанда) салымдарының өсу үрдісі жалғасты, олардың көлемі мамыр айында 2,6%-ке 286,9 млрд. теңгеге дейін өсті (1,9 млрд. АҚШ долларынан астам). Халықтың теңгедегі салымдары өсуде, олардың үлес салмағы мамыр айында 31,1% жетті (сәуір айында – 30,1%).

Депозиттер бойынша кірістілік деңгейі сәуір айымен салыстырғанда мамыр айында былайша өзгерді. Жеке тұлғалардың теңгедегі мерзімді депозиттер бойынша сыйақының орташа алынған ставкасы 9,5%-тен 11,2%-ке дейін өсті, ал заңды тұлғалардың депозиттері бойынша 5,4%-тен 4,4%-ке дейін төмендеді.

**Кредит рыногы.** 2003 жылғы мамырда банктердің экономикаға кредиттері бойынша негізгі борыштың жалпы көлемі 4,5%-ке жоғарылап, 770,2 млрд. теңге (5,1 млрд. АҚШ долларына жуық) болды.

Мамырда ұлттық валютамен кредиттердің (9,7%-ке) қарқындап өсуінің оң үрдісі жалғасты, ал шетел валютасымен кредиттер көлемі 1,3%-ке ғана ұлғайды. Нәтижесінде мамырда 2003 жылғы сәуірмен салыстырғанда теңге кредиттерінің үлес салмағы 38,3%-тен 40,2%-ке дейін ұлғайды.

2003 жылғы мамырда кредит рыногындағы проценттік ставкалар мынадай түрде өзгерді. Заңды тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша сыйақының орташа алынған ставкасы сәуірмен салыстырғанда 16,9%-тен 15,0%-ке дейін төмендеді, ал жеке тұлғаларға берілген кредиттер бойынша - 22,5%-тен 24,9%-ке дейін төмендеді.

#### **4. Банк секторы**

Банк секторындағы ахуал өткен айлардағыдай тұрақты болып отыр. 2003 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 35 банк жұмыс істеді (Қазақстан Даму Банкін және Эксимбанкін қосқанда). Сонымен бірге 12 банк халықаралық стандарттарға көшу бағдарламасын орындаған деп танылды, 4 банк бірінші топқа, 14 банк - екінші топқа жатқызылды.

Сәуірде жиынтық меншік капитал бір айда 3,3%-ке 174,5 млрд. теңгеге дейін, банктердің жиынтық активтері - 5,2%-тен 1,26 трлн. теңгеге дейін, жиынтық міндеттемелер - 5,6%ке дейін өсті және 1,1 трлн. теңге болды.

Банктердің кредиттік портфелінің құрылымында 2003 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша стандартты кредиттер үлесі 68,9%, күмәндылар үлесі - 29,4%, үмітсіздер үлесі - 1,7% болды.

Банк секторының ағымдағы өтімділігінің жиынтық коэффициенті 2003 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 0,95 болды. (норма 03-тен кем болмауы керек). Қысқа мерзімді өтімділік коэффициент (ең аз көлемі - 0,4) 1,04 болды.

**5. Сақтандыру рыногы.** 2003 жылғы 1 мамырда 33 сақтандыру ұйымының, оның ішінде 7 шетелдік қатысумен және 1 өмірді сақтандыру бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы болды.

2003 жылғы сәуірде Қазақстан Республикасының сақтандыру ұйымдарының жиынтық активтері 4,9% ұлғайды (былтырғы жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 38,4%-ке өсті) және 23,4 млрд. теңге болды, сақтандыру резервтері 10,4% (50,7%) ұлғайып, 12,6 млрд. теңге болды. Жиынтық меншік капитал 6,8 млрд. теңге болып, 2,2%-ке азайды (осындай кезеңмен салыстырғанда өсуі 2,8%).

Сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 2003 жылғы сәуірде 33,8% (38,8%) ұлғайып, 9,0 млрд. теңге болды, ал сақтандыру төлемдерінің көлемі 21,6% (2,3 есе) өсіп, 1,3 млрд. теңгеге жетті.

**6. Елдің рейтингін жоғарылату туралы.** 2003 жылғы 28 мамырда Standard & Poor's Rating Services агенттігі Қазақстан Республикасының шетел валютасымен міндеттемелері бойынша ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтерін «BB»-дан «BB+»-ке дейін және ұлттық валютамен міндеттемелері бойынша кредиттік рейтингтерін «BB+/Оң/В»-дан «BBB- /Тұрақты/А-3»-ке дейін жоғарылату туралы хабарлады. Агенттіктің айтуы бойынша, кредиттік рейтингтерді жоғарылату Қазақстан экономикасының әлеуетті мүмкіндіктерінің тұрақты түрде нығаюын, сондай-ақ үкіметтің мемлекеттік бюджеттің тапшылығы мен мемлекеттік борышты төмен деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік беретін салиқалы саясатын көрсетеді.

Сонымен қатар Standard & Poor's Қазақстанның шетел валютасымен міндеттемелер бойынша «Тұрақты» болжамымен бұрынғы деңгейдегі қысқа мерзімді рейтингін растады.

Сонымен, Қазақстанның ұлттық валютамен міндеттемелері бойынша кредиттік рейтингі инвестициялық деңгейге жетті.. 2002 жылғы қыркүйекте «Moody's Investors Services» агенттігі Қазақстанның шетел валютасындағы облигациялары бойынша рейтингін инвестициялық деңгейге дейін (Вaa3 дейін) жоғарылатты.